

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ

«Жігіттер құдық түбіне қайтадан күбі салды. Ол бұл жолы орта бөксе боп қайтты. Өңі әлі көгістеу. Лай суға жапа-тармағай қолдарын салып, алақандарымен іліп алып, ауыз шайып көрісті. Әлі де топырақ татып тұр. Ащы-тұщысын ешкім жыға айыра алған жоқ».

Бұл жазушы Әбіш Кекілбайдың «Шыңырау» повесінен үзінді. Онда құдықшы Еңсептің өмірі мен сол кездегі Маңғыстаудың маңғаз даласына қажетті мамандықтың қыр-сыры баяндалады. Бай-бағландар бірінен-бірі асып құдық қаздыртады. Тіпті көшкен жерінде тіршілік нәрі болуы үшін құдықшы Еңсепті арнайы алдыртқан. Сол еңсептердің қазған шыңырауы әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған сияқты. Тек Маңғыстау өңірі емес, сулы-нулы Жетісудың өзінде күні құдыққа қараған ауыл баршылық. Осы аптада редакциямызға Алматы облысы Қаратал ауданы Көпбірлік ауылының тұрғындары хабарласты. Олар «Бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмады. Бірақ ауыз су мәселесі шешілер емес» деп өз шағымын жеткізді. Айтуларына қарағанда, осыдан 5 жыл бұрын су ұңғымасы қазылып, оған қымбат қондырғы орнатылыпты. Ондағы мақсат – ауылға тұщы су тарту. Бастапқыда бәрі жақсы болғанымен, кейін тұщы су ащы суға айналыпты. Енді 2 мыңға жуық тұрғыны бар ауыл тіршілік нәрін жалғыз құдықтан алып отырған көрінеді.

Өзін Серік Сейітбаланов деп таныстырған ауыл азаматы 2013 жылы Көпбірлік ауылына орталыктандырылған су жүйесі жүргізілгенін айтады. Алайда біраз уақыттан кейін судың сапасы нашарлап, тұз тати бастаған. Бүгінде тіпті ішуге мүмкін болмаған соң, ауыл іргесіндегі құдықтан шелектеп су тасуға мәжбүр. Ал құбырмен тартылған суды тек монша, кір жуу сияқты күнделікті тұрмыстық тіршілікке пайдаланады. Серіктің айтуынша, оның өзіне бір текше метрі үшін 500 теңгеден төлейді екен. Телефон тұтқасын екінші ауыл тұрғыны алып, су құрамындағы тұз, тіпті темір шелектерді шірітіп, тесіп жібергенін айтты. Ал құбырдың бәрі жылдам тат басып, бітеліп қалады екен. Аты-жөнін айтудан бас тартқан ол сапасыз судың 100-115 метр тереңдіктен

ҚҰДЫҚҚА



ҚАРАҒАН КҮН

немесе Көпбірлік пен Қарақұм ауыз суға зәру

шығып жатқанын тілге тиек етті. Бастапқыда судың сапасы дұрыс болған деседі. Бірақ кейіннен нашарлап кетті. Осы сәтте әңгімемізге С.Сейітбаланов қайта қосылды: «Ішуге тіпті жарамсыз. Қыздарымыз шашымыздың түсуі жийелеп кетті деп жылап отыр. Ішпесек те күнделікті тіршілікке пайдаланамыз. Сол су үшін айына өз басым 6000-7000 теңге төлеймін.

Бір жеке кәсіпкер сол жұмысты жүргізіп жатыр. Ай сайын ақшаны жинап алады. Бірақ ол сапасына жауап бермейді. Менің ойымша, бұл қондырғыда суды тазарту мембрана технологиясы арқылы жүзеге асырылады. Оны 3 жыл сайын жаңартып отыру керек. Бұл кімнің қаржысынан жасалады? Қазір ауылда екі мыңға жуық адам тұрады. Басым бөлігінің күні сол ауыл шетіндегі жалғыз құдыққа қарап отыр. Шелектеп су тасимыз», — дейді. Ауыл тұрғындарының жағдайын естіген соң, мәселенің ақ-қарасын білу үшін кезінде сол қымбат қондырғыны орнатқан

кәсіпорынды тауып, басшысымен тілдестік. «Айқо» ЖШС директоры Қоянбай Рақымов Көпбірлік тұрғындарының шағымы шындыққа жанаспайды деп отыр. Оның айтуынша, су тап-таза, ішуге жарамды. Талай рет сараптамадан да өткізіпті. Қ.Рақымов «Келісім бойынша біз қондырғының жұмысына екі жыл жауап беріміз керек болатын. Өз міндетімізді орындадық. Кейбір ауыл тұрғындары 3 метр тереңдіктен шығатын құдық суын таза деп айтады. Ақылға сыймайтын нәрсе. 2-3 жыл бұрын сол құдықтың суын тексергенде құрамында фтор көп болған. Ауылдың әкімі де мәселені жақсы біледі. Шағым көп түскен соң, арнайы тексерістен өткізді. СЭС мамандары ішуге жарамды деп қорытынды шығарды. Менің ойымша, ауыл тұрғындары суды көп пайдаланбайды. Суды кішкене ағызып жіберсе, тап-таза болады. Ауылдың кейбір арызқой тұрғындары прокурорға дейін шағымданды. Осы күнге дейін қанша комиссия келді. Бірақ ондай ешнәрсе таппады», — деп өз назын жеткізді. Жергілікті жұрт жамандаған қондырғыға бүгінде жеке кәсіпкер Зәмзағұл Несіпбаева жауап береді.

(Жалғасы 6-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Осы аптаның басында Астанадағы «Әбу-Даби Плаза» құрылыс кешенінің 400-ге жуық жұмысшысы наразылық танытып, көшеге шықты. «Нұр Отан» партиясынан араша сұраған құрылысшылар жұмыстан заңсыз қуылдық деп шағым айтып отыр. Осыған орай, үкімет отырысынан соң еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсеновадан сұхбат алған едік.



Т. ДҮЙСЕНОВА:

ҚЫСҚАРТУ КЕЛІСІМШАРТҚА САЙ ЖАСАЛДЫ

— Тамара Босымбекқызы, «Әбу-Даби Плаза» кешенінің құрылысы аяқталмай жатып, жұмысшылар неліктен заңсыз қысқартылуда?

— Қазір «Әбу-Даби Плаза» кешенінде 11 компания жұмыс істеп жатыр. Әр кәсіпорын құрылысшыларды қабылдаған кезде жұмыстың көлеміне байланысты келісімшарт жасайды. Ол құжатта жұмыстың көлемі белгіленген. Міне, бүгінде «Әбу-Даби Плазада» жұмыс істейтін 4 компаниядағы белгіленген жұмыс көлемі аяқталды. Қазіргі таңда компания басшылары еңбек инспекторларына жұмысшыларға жоспарланған жұмыс көлемі аяқталып жатқанын алдын ала хабарлағанын мәлімдеді. 62 жұмысшы алдын ала хабарландыру алған.

— Жұмыстың аяқталатыны туралы алдын ала хабарландыру алған 62 адамға өтемақы төлене ме? Ал жалпы 400-ге жуық құрылысшының мәселесі қалай шешіледі?

— Еңбек кодексінде көрсетілгендей, кәсіпорынның экономикалық жағдайы күрт нашарлап, жұмысшылар жаппай босатылса, онда оларға екі айлық өтемақы төленеді. Ал жұмыс көлемі азайған кезде, онда бір айлық өтемақы беріледі. Сондықтан қысқарту туралы ескерту қағазы берілген 62 адамға бір айлық көлемінде өтемақы төленеді. Қалған жұмысшылар бойынша еңбек инспекторлары нақтылап жатыр.

— Жұмысшылардың айтуынша, қысқартуға іліккендердің арасында бірде-бір шетелдік азамат жоқ екен. Жалпы осы кешеннің құрылысында қанша шетелдік компания жұмыс істейді?

— «Әбу-Даби Плаза» құрылыс кешеніндегі 11 компанияда 6 мыңнан аса шетелдік жұмыс істейді. Әрине, бұл көрсеткіш те жұмыстың көлеміне байланысты өзгеріп отырады. Жоғарыда айтып өткендей, құрылыс кешеніндегі еңбек дауы жұмыстың көлемі мен жасалған келісімшартқа байланысты болып отыр. Ол шетелдік немесе қазақстандық жұмысшы екеніне қатысты емес. Егер келісім құжаты бір жылға жасалып, бірақ бір жылға толмай құрылысшылар қысқартылып жатса, әңгіме басқа. Бұл жерде келісімшартта көрсетілген мерзім мен жұмыстың көлеміне байланысты қысқартылуда. Ал «Әбу-Даби Плаза» кешенінде қанша қосалқы шетелдік компания бар екенін нақты білмеймін. Қолымда қазір ресми ақпарат жоқ. Мұны бас мердігер кәсіпорындар өзі анықтайды. Оған біз араласа алмаймыз.

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
65,55



DOLLAR
323,84



EURO
399,91

АЛТЫН (ун.)
1315,40



НАРЫҚТЫҢ ЗАҢЫ


«Мақта қыз» деген ертегі естеріңізде шығар. Сол ертегіні күніне бір рет айтатын дәстүр пайда болды біздің үйде. «Мақта қыз мейіз тауып алыпты...» деп бастап, «Сиыр, сиыр, сүт берші...» деген жерін мың құбылтып ұзақ-ұзақ созамын. Өйтпеске амал жоқ. Үйдегі қарадомалақтарға сүт ішкізудің «Мақта қыздан» озық тәсілін қазірше таба алған жоқпыз.



**СҮТ ЖОҚ.
СЕБЕБІ...**

(Жалғасы 4-бетте)

ЕСТЕЛІК



Қаламдас аға менің бас-аяғымның «арақашықтығын» шола жоғарыдан төмен бір, төменнен жоғары бір «өлшеп» алып, жымыңдап тұрды. Сірә, сарайған інісінің өзінен бойы озғанын іштей қызықтады-ау деймін. Онысын сезіп, ішімнен: «Бойы озса да, ойы озбаған інілеріңнің бірімін ғой, Әзиз бей!» дедім.

(Толығырақ 7-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Ауылым — ашсам алақанымда!



АУЫЛ ӘКІМІ

(Жалғасы 3-бетте)

БИЛІК

Өткен жылдың қорытындысы бойынша, Есеп комитеті 354 нысанға 25 тексеру жүргізген. Аудиторлық іс-шаралар нәтижесінде қайтарылуға тиісті 307,3 миллиард теңгенің 198,5 миллиарды өтелген.

Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы Нұрмұхамбет Әбдібековті қабылдағанда белгілі болды.

Кездесу барысында Н.Әбдібеков мемлекет басшысына Есеп комитетінің 2017 жылғы жұмысының негізгі нәтижелері мен алдағы кезеңдегі міндеттері жөнінде баяндады.

Қазақстан Президенті Есеп комитетіне «Мемлекеттік

аудит және қаржылық бақылау туралы» заң талаптарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісіне Есеп комитеті тарапынан неғұрлым мұқият бағалау жүргізудің маңыздылығына тоқталып, заңбұзушылыққа жол бермеу үшін жүйелі шаралар қарастыру керек екенін айтты.

Мемлекет басшысы Есеп комитетінің өңірдегі тексеру комиссияларының жұмысын үйлестіруде, сондай-ақ олардың қызметін жақсарту жөніндегі әдістемелік және тәжірибелік ұсынымдарды әзірлеу ісінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Елбасы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мекемелерінің қызметін бұған дейін қабылданған нормативтік-құқықтық актілерге және



мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жетілдіру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

(Өз тілшіміз)

ЕСЕП ТҮГЕЛ. ТАПСЫРМА НАҚТЫ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

52,5

млн теңге. Парамен ұсталған Ерлан Біләл бір ай ішінде осындай көлемде айыппұл төлемесе, қамауға алынады

104

млн теңге. Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік мекемелерге 15 қызметтік көлік пен 1 пәтер сыйлаған

600

ірі кәсіпорын қызметкерлер санын қысқартпақ

100

мың төңгемен Сирияға көтпек болған көліншек сотталды

7 сөз

Биыл оңтүстіктен солтүстікке 9 мың отандасымыз көшеді

Сөз-Жебе

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр:

«Адам денсаулығына қауіпті өнімдерді тәркілеуге қатысты айтарым, біз аталған мәселені әлі күнге дейін дұрыс реттей алмай отырмыз. Айтамыз да, қоямыз. Осыдан екі жыл бұрын Дәурен Әскербекұлы (ақпарат және коммуникациялар министрі – ред.) дұрыс айтты. Қауіпті тауарларды қалай жойып жатқанымызды үнемі көрсетіп отыруымыз қажет. Әйтпесе, акцияны өткіземіз, тауарды жоямыз, сонымен – тәмам. Ары қарай не болып жатқанын білмейміз. Оларға айыппұл салынды ма? Нақты қандай шара қолға алынды? Сөз жүзінде бәрі жақсы. Мемлекеттік бақылау кезінде тауардың қауіпті екені дәлелденсе, ол тауардың қайтып сөреге түспейтінін қадағалау қажет»



Бір анығы

М.БЕКЕТАЕВ:

ТҰРАҚТЫЛЫҚ БӘРІНЕН ДЕ МАҢЫЗДЫ

Әділет министрі Марат Бекетаев өліміздің Қауіпсіздік Кеңесі құзыретін күшейтетін заң жобасын қабылдау қажеттігіне қатысты пікір білдіріп, БАҚ өкілдерінің осы мәселеге қатысты сауалына жауап берді.



Ол «Бізге конституциялық реформа жүргізілді. Аталған конституциялық реформаның баршылық мемлекет басшысының аясында уақытта да Қауіпсіздік қызметіне жетекшілік ететіндігі айқындалған. Бұл Елбасының айрықша мәртебеге, халықтың айрықша сеніміне ие екендігін білдіреді. Бұған қоса, терроризм мен экстремизм қаупі бар қазіргі кезеңде халық үшін, тұрғындар үшін, еліміз үшін тұрақтылық факторы барынша маңызды. Сондықтан сөз еліміздегі тұрақтылықты қамтамасыз ететін механизмдерді күшейту жайында болып отыр», – деді. Сонымен қатар Марат Бекетаев Елбасының жоғары беделінің арқасында еліміз өңірдегі тұрақтылықты да қамтамасыз етіп отырғандығын баса айтты.

«ҚазАқпарат» жазғандай, таяуда Парламент Мәжілісі Қауіпсіздік Кеңесі қызметінің мәселелері жөніндегі заң жобасын қарауына алған болатын. Заң жобасын еліміздің әділет министрлігі әзірлеген.



Олег СМОЛЯКОВ,
Ұлттық Банк төрағасының орынбасары:

«Негізі, криптовалюта мәселесін кеңінен қарастыру қажет. Себебі әлем бойынша нақты ұстаным жоқ. Біреулер қолдайды, енді біреулер тыйым салып отыр. Алайда бір нәрсе анық. Криптовалютаны ақша ретінде қарастыруға болмайды. Бұл – қаржылық өнім, технология. Бірақ төлем мен айырбас құралы емес. Біз осыны зерделеп жатырмыз. Криптовалютаны ақшаның баламасы ретінде емес, қаржылық технология ретінде қарастыруға болады деп санаймыз. Осы тепе-теңдікті сақтауға тырысамыз»



Глеб ЩЕГЕЛЬСКИЙ, Мәжіліс депутаты:

«Бұған дейін криптовалюта нарығын бақылауға қатысты екі рет депутаттық сауал жібердім. Себебі алданған азаматтар үлескерлер сияқты мемлекеттен көмек сұрауы әбден мүмкін. Сол кезде Ұлттық Банк қайтадан ақша сұрайды. Депутаттар халықты аралап, түсіндіру жұмысын жүргізуге мәжбүр болады. Бүгін Олег Александрович (Ұлттық Банктің орынбасары – ред) криптовалютаны кеңінен қарастыру қажет деп жатыр. Оны кеңінен қарастырып қайтеміз? Қазірдің өзінде қаржы министрлігі көз алдыңызда криптовалютаға майнинг жасап жүр. Енді оларды не үшін жауапкершілікке тартатынымызды білмейміз. Себебі нақты заңнама жоқ. Сіз болсаңыз, кеңінен қарастыру қажет дейсіз».

Әлеумет.1⁰



Осы жылдың қантар айында ғалымдардың Бас прокурорға және мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасына жолдаған ашық хаты жарияланды. Онда 2018-2020 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға конкурс өткізу барысында олқылықтар орын алғаны айтылған.

Ұлттық ғылыми кеңес сарапшыларының шешімі бойынша бюджеттен үш жыл бойы қомақты

бұл жағдайдың орын алуына кеңестің дұрыс құрылмауы себеп. Оның құрамында әр ұйымнан бір қызметкерден артық мүше болмауы тиіс. Бірақ ауыл шаруашылығы-өнеркәсіптік кешендер кеңесіндегі 17 адамның үшеуі бір университеттің, ал екеуі бір ғылыми-зерттеу институтының мамандары болып шықты. Сонымен қатар кеңесте ірі білім мен ғылым ошақтарының өкілдері жоқ. Сондай-ақ, біздің ойымызша, байқауға қатысып жатқан жоба жетекшілері мен оған

БӨЛІНГЕН АҚШАНЫ «БӨРІ» ЖЕДІ

қаражат төленеді. Байқау бірнеше сатыдан тұрады. Оның біріншісі – тәуелсіз халықаралық және отандық сарапшылардың мамандандырылған сараптамасы. Ал екінші кезеңде жоба жөнімпаздарын ұлттық ғылыми кеңестің мүшелері тандайды.

Биыл «Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» бағыты бойынша байқаудың екінші кезеңінің қорытындысы ғалымдарды есінен тандыра жаздады. Ғылыми кеңес сарапшылары бірінші кезеңнің нәтижесін мүлдем ескермеген болып шықты.

Небәрі 16-19 ұпай жинаған қатысушылардың жобасы мақұлданып, ал 30 ұпайдан жоғары және 10, 15-орынға ие болғандардың жұмысы ысырылып тасталған. Мысалы, кеңес жетекшісінің бірі өтініш берген 582 адамның ішінде 450-орында тұр. Сөйтіп, 20 баллмен қомақты қаржыландыруға ие болыпты.

Бұдан басқа, бұқаралық ақпарат құралдары осы жағдай бойынша ғылыми кеңес төрағаларының пікірін жариялады. Олардың айтуынша, ұпай қаражат бөлудің құрамдас бір бөлігі ғана болып табылады. Бірақ толық шешім шығаруға негіз емес. Оның үстіне бірінші кезеңді сараптамадан өткізу де арзанға түспейді (1 сараптама – 250 доллар. 4500 өтінімді қарау үшін мемлекет миллиардтаған теңге жұмсаған – авт).

Нәтижесінде, шетелдік сарапшылардан жоғары баға алған 50-ге жуық ғылыми жоба мемлекет қаржысына қол жеткізе алмай қалды. Тіпті сол бағы жанбай қалған жобалардың қатарында мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыруға бағытталған ғылыми еңбектер де бар.

Ауыл шаруашылығы ғалымдарының пікірінше,

қатысы бар өзге тұлғалар кеңеске мүше болмауы тиіс. Оған жол берілсе, кеңес құрамына кірген мамандар өзімен мүлделес, таныс-біліс ғалымдардың жобасын қаржыландыруға тырысуы ықтимал. Бар-жоғы үш-ақ күннің ішінде 580-нен астам жобаны қарап шыққандары да күдік тудырды. Ал басқа бағыт бойынша жобаны бағалау екі аптаға созылыпты.

Осы арада еске сала кетейік, 2015 жылдың 7 қазанында «Ақ жол» фракциясы 2015-2017 жылдарға арналған ғылыми-зерттеулерді қаржыландыру бойынша заңбұзушылықты тексеру туралы мәселе қозғады. Есеп комитеті заңсыздықтың орын алғанын растады.

Осылайша, ғылыми жобаларға қыруар қаржы бөлінгені, 10 миллиардтан астам теңгенің ұшты-күйлі жоғалғаны анықталды.

Жалпы 41 жобаның жетекшілері ғылыми кеңестің мүшесі болып шықты. Соған қарамастан, ғылыми-зерттеулерді гранттық қаржыландыру жүйесінде ештеңе өзгерген жоқ деп айтуға мәжбүрміз. Егер өз мақсатына қол жеткізе алмаса, мемлекет оған неге қомақты қаржы бөледі?

Бұл ғалымдарымыздың ел экономикасының дамуына үлес қоспайды, жаны ашымайды дегенді білдіре ме? Бұл біздегі ғылыми мамандардың әділеттілікке деген сенімін жоғалтуға, аграрлық ғылымның даму идеясын ақсатпай ма?



Меруерт КАЗЫБЕКОВА,
Мәжіліс депутаты
(депутаттық сауалынан)

Мұндай да болады

СҰРАҒАНЫ СӨЛЕРКЕ ЕДІ



Астанада дизельдің орнына бензин құйып берген жанармай құю стансасы жөбіренушіге 1 млн теңге төлейтін болды.

Қалалық соттың баспасөз қызметі хабарлағандай, 2016 жылдың қазан айында отандасымыз Mitsubishi Delica көлігімен жанар-жағармай құю бекеттерінің біріне барып, операторға дизельді отын құйтындығын ескерткен. Кейін қассаға барып, бензин емес дизель керектігін тағы бір рет айтқан. Алайда жанармай құю стансасынан шыққан бойда көлігі тоқтап қалып, оталмай қалады. Енді сотта жеңілген тарап көлік иесіне шығынды өтеп беруі тиіс.



Балғабек МЫРЗАЕВ



Мерхат МАДИЯРОВ



Дос КӨШІМ

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Бүгінгі күні қоғамда дау тудырып отырған орамал, никаб, шалақ балақ, сақал қою мәселесі енді заңмен шегеленбек. Заң жобасы өткен аптада Мәжілісте таныстырылып, қоғамда қызу талқыланды. Құжатты әзірлеген дін істері және азаматтық қоғам министрлігі дін істері комитеті төрағасының орынбасары Балғабек Мырзаев, «Шаңырақ» діни мәселелер бойынша алдын алу, кеңес беру және оңалту орталығының жетекшісі Мерхат Мадияров және саясаттанушы Дос Көшім күрмеуі көп мәселеге орай өз пікірін ортаға салды.

ДІНДАРЛЫҚ ПЕН РАДИКАЛИЗМНІҢ АРАЖІГІН АЖЫРАТА АЛМАЙДЫ

Өткен аптада Парламент Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заң жобасының таныстырылымы өткені белгілі.

Сол жиында заң жобасында дефакто діни ағымдардың таралуына тыйым салу мақсатында «Деструктивті діни ағымдарға қатыстылығын көрсететін сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті қоғамдық орындарда пайдалану, кию және таратуға жол берілмейді» деген талаптың (*норма*) қарастырылып жатқаны туралы айтылды.

Осыдан кейін журналистер қауымы аталған талап тек қауға сақал мен қысқа балактан тұратынды талқыға салып, оны сан-саққа жорып жатты. Біреулері «сақалдың ұзындығын кім өлшейді» десе, енді біреулері «басқа дін өкілдері де сақал қояды, ол қалай реттеледі» деген сұрақ жаудырып жатыр. Енді біреулері бұл талап мұсылмандарға қарсы бағытталған деп кате ақпарат таратуда.

Басты назар аударатын үш мәселе бар. Біріншіден, аталған талаптың елімізде ресми тіркелген діни бірлестіктерге және оның қызметкерлеріне ешқандай қатысы болмайды.

Екіншіден, қоғамдық орындарда жүрген сақал қойғандар мен қысқа балақ кигендерді ешкім де қолынан сүйреп, ұстап алып кетпейді. Егер олар қоғамдық тәртіпті бұзбаса, ешкімнің шатағы болмайды.

Үшіншіден, осы белгілеме тек мұсылмандарға қарсы бағытталды деген дұрыс емес.

Себебі дефакто діни ағымға қатыстылығы тек сыртқы пішімі немесе киімі бойынша ғана анықталмайды. Бұл жерде кешенді шара қарастырылатына назар аударған жөн.

Атап айтқанда, егер адам мемлекет заңын мойындағысы келмесе, өзінің діни көзқарасын алға тартып ескері қызметтен бас тартып жатса, еліміздің мемлекеттік рәмізін (*герб, ту, әнұран*) құрметтемесе, өзінің ұстанған жолынан басқаларын күпірлікпен айыптаса, діни қанонды зайырлы заңнан жоғары қоятын болса, бұлар да дефакто діни ағымға қатыстылығын айқындайтын белгі болып табылады. Яғни дінге сенушілердің көпшілігінің негізгі мәселесі, олар діндарлық пен радикализмнің арасындағы шекараны ажырата алмайтынында.

Заң қабылданған соң осы дефакто діни ағымға қатыстылығын айқындайтын белгіге қатысты нормативтік құқықтық акті дін саласындағы білікті сарапшылармен, діни бірлестік өкілімен және танымал қоғам қайраткерлерімен егжей-тегжейлі қаралады. Сонымен қатар нормативтік-құқықтық актінің жобасы дайын болған соң, министрліктің сайтында ресми түрде жарияланып көпшіліктің талқылауына шығарылады. Тиісті ұсыныс пен ескерту, маңызды пікір міндетті түрде ескерілетін болады.

Сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті қоса алғанда, дефакто діни ағымға қатыстылығын айқындайтын белгі нормативтік-құқықтық акті бекітілгенге дейін мұқият електен өтетін болады.

Заң қабылданғаннан кейін, оған тиісті түсіндіру жазылатын болады. Сол түсіндіруде кімнің қалай әрекет ететіні жан-жақты түсіндіріліп жазылатын болады.

Қорыта айтқанда, бұл талап қоғамымызды бөтен ағымдардың жат көзқарасын тықпалауына тосқауыл қою мақсатында енгізіліп отыр деп айта аламыз.

САҚАЛМЕН АЛЫСПАЙ, СЕБЕБІН ІЗДЕЙІК

Сақалын өсіріп, намазын басқаша оқығандардың басым бөлігі заңға бағынбайды деп айта алмаймыз. Бет-аузын тұмшалап кара киінген келіншектерге келсек, әрине, ата-бабамыздан қалған киім еді деп айту қиын. Себебі бізге мұра болып қалған Ұлы Даланы қызғыштай қорғаған ер-азаматтардың жанында қандыбалақ досы — жұбайы болды. Олар болса, негізінен садақшылар еді. Бет-жүзін бүркеп тастап, жаумен айкасқанда садақ тартатын. Ал сақал — сүннет амалы. «Қысқа балақты хадиске жүгініп шолтайтып жүрміз» деген бауырларымыздың дені осыны дұрыс түсінбейді. Дінді толық түсінбеген соң әркім әрнәрсесі айта береді. Мәселе оның сақалында, не киімінде емес. Мәселе оның ойында, жүргізіліп жатқан астыртын ақпарат соғысында. Сол арқылы, арандатушылықты тудыруға тырысатын күштердің ниетінде болып отыр.

Қысқа балаққа заңмен тыйым салды делік. Бірақ сонымен кері ағым тоқтап қала ма? Өткен жылы Алматыда 1300-ге жуық намаздағы бауырларымызбен сөйлестік. Соның 450-і кері ағымның әсерімен жүр. Көбісі діни оқу оқып, білімі болмаса да әр мәселеде сырттағы «шейхтарының» айтқанын ғана тыңдап, пәтуәшіл болып келеді. «Біз сендердің ұстаздарыңды мойындамаймыз, тыңдамаймыз» дейді. Сондықтан да мешітке барғанда имамдарды тыңдағысы келмей, құлағына құлаққап киіп алады. Өйткені олардың санасын улап, «тыңдасандар жүректеріне шүбә кіреді» деп шегелеп қойған. Тек өзінің тыңдап, соған ғана сенетіні өткен. Қазіргі таңда ол топтағы жастардың, теологтармен кездесіп дәріс тыңдағанын, белгілі бір жетістік ретінде санауымыз керек. Себебі бағыт алып, жүріп келе жатқан адам бірден басқа бағытқа түсуі керек.

Тура жолдан тайғандардың әрқайсысының өзіндік себебі бар. Мысалы, бізге бес баламен екі әйел кісі бетпердесін тұмшалап келді. Біреуінің күйеуі сотталып кеткен екен. Алайда әлеуметтік көмектен бас тартып отыр. Себебі «сестралары» көмектеседі. Бір-бірімен етене байланыс ұстайды. Мысалы, кеше бір әйел Жамбыл облысынан жылап келді. Ол: «Жағыз қызым күйеуге тиіп еді. Күйеу бала жақсы. Бірақ қызымның телефонына қарасам «сестра» дегендері ақырында ажыратып тынды» дейді. Қызын таппай жүр. Сәләфтардың қатарына кіріп кетіпті. Енді жібермей жатыр. Тіпті ол «сестралары» қызын намаз оқытын күйеуге бермекші. Мәселе бұлардың тұтастығында, бірлігінде болып тұр. Ал себептеріне үнілер болса сол, қалаға жұмыс іздеп келеді, әлеуметтік теңсіздікке наразы, кедейшілік пен экономикалық тұрақсыздық титықтатқан.

Біз ең негізгі дүниені белгілеп алуымыз керек. Сыртқы келбетте, киімінде тұрған ештеңе жоқ. Ілім мен білімге баспа назар аударғанымыз абзал. Сәлт-дәстүр, мәзһабты ұстану, Ханафи мәзһабының талаптары, негіздері сияқты дәрістер қажет. Дін жолында қалай адасты? Сонымен күресуге тиіспіз. Жастарымыздың 70 пайызы әлеуметтік желідегі сан түрлі нәрсені көріп, естіп аласуда. Ол жерде теріс жолға түсіретін уағыз көп. Бірақ тұрасын айтып жатқандарды сирек кездестіресің. Сол виртуалды әлемдегі күресті күшейткеніміз абзал. Оған білікті маман теологтарымыздың дәрісі қажет.

ТЫЙЫМ САЛУ – ДӘРМЕНСІЗДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Қазақ елі 1992 жылы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң қабылдап, 70 пайыздан асқан мұсылман қауымын ондаған адамы бар діни бірлестіктермен теңестіріп, сан түрлі сектаға есікті айқара ашып берді. Діни мәселе ұшығып кеткенде, 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қоғамдағы көбейіп келе жатқан дефакто діни ағымның идеологиясын қарсы насихат жұмысын жүргізудің орнына намазды қай жерде оқуға болмайтынын, сектаның насихат жұмысын қалай өткізе алатындығын және олардың тіркелуі үшін қажетті аламдардың санын көбейтумен шектелді. Соңғы заңның осалдығы болу керек, алты жылдан соң заңға өзгеріс пен қосымша енгізу мәселесі көтерілді. Қысқа сұхбатта ұсынылған өзгеріс пен қосымшаларды толық талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан қоғамда пікір алудыңғын тудырған бір ғана мәселеге тоқталайын. Өзгерістің мәнін төмендегідей:

«434-2-бап. Бет-әліпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті қоғамдық орындарда киіп жүруге қатысты заңнама талаптарын бұзу — жеке тұлғаларға ескерту жасауға, не елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады»;

Меніңше, осы бапты дін мәселесін реттейтін заңға кіргізудің қажеті жоқ сияқты. «Бет-әліпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті» қылмысқа де, тонаушы да киіп жүруі мүмкін. Бұл қоғамдық жердегі қауіпсіздік мәселесіне жатады. Әрине, оның ішіне никаб пен пәрәнжі де кіреді. Бірақ бұл жердегі басты мәселе «діни киімге тыйым салу» емес, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау. Занды дайындаушылар да осыны жақсы түсінген болуы керек, екінші тармақты былай беріпті:

«2. Қызметтік (лауазымдық) міндеттерін атқару, медициналық мақсаттарда, азаматтық қорғау, ауа райы жағдайларында, сондай-ақ спорттық, спорттық-бұқаралық және мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысу үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, бет-әліпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті қоғамдық орындарда киіп жүруге тыйым салынады»;

Байқап қарасаңыз, бұл тармақ мәтінінің діни мәселеге ешқандай қатысы жоқ. Сондықтан, тағы да қайталауға тура келеді, бұл баптың (*талаптың*) «Қоғамдық жердегі қауіпсіздік мәселесі» деген сияқты басқа заңнан орын алғаны тиімді болар. Бір сөзбен айтқанда, дін туралы заңға «киім кешекті киіп жүруді шектеу» мақсатында арнайы бапты енгізуден гөрі, сол мәселенің басқа заңда көрсетілгені дұрыс деп ойлаймын.

Осы баптың занды жалғасы ретінде және соңғы уақытта қоғамда даулы мәселе тудырған екінші өзгеріске көңіл аударайық:

21. Деструктивті діни ағымдарға қатыстылығын көрсететін сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті қоғамдық орындарда пайдалануға, киюге және таратуға жол берілмейді.

Никаб пен хиджапты киіп жүру жөнінде пікірталасқа араласқым келмейді. Бірақ балиғатқа толған оқушылар үшін орамал тағу, не такія киюге тыйым салуға толық қарсымын. Дефакто діни кірген жерлері бар болса, діннің де дәстүрге еніп кеткен жерлері бар. Орамал, такія — бұл қазақтың дәстүрлі киімі емес пе? Дін туралы құжатта ең болмаса, теміржол, автобус бекеттерінде намаз оқытын орындардың болу міндеттілігі де көрсетілмеген. Тек қана тыйымдар...

Тыйым салу — тек қана дәрменсіздіктің белгісі емес, ертен туындайтын қарсылықтың да белгісі болмаса екен деп тілеймін!

Дәстүрдің озығы бар...

Осыдан үш-төрт жыл бұрын күйлі республикамызға белгілі өнер адамы қайтыс болды. Барлық газет, телеарна ағамыздың қайғылы қазасы туралы жарыса жазып, ол кісінің қазақ өнерін дамытуға қосқан үлесі туралы сараптап жатты. Біздің айтпағымыз, сол кісінің жылдық қадесінде орын алған жағдайлар туралы болып отыр.

Біздерді, яғни журналистерді ағамыздың жылдық қадесі туралы ақпарат жазып келу үшін садақа болып жатқан мейрамханаға тапсырмамен жіберді. Сенбі болатын. Қағаз-қаламымызбен бірге орамалымызды сайлап қаралы дастархан жайылған мейрамханаға келдік. Қаде деген аты болмаса, өңкей бір докейлердің ресми бас қосуына келгендей әсерде қалдық. Зыр жүгіріп қызмет көрсетіп жүрген мейрамхана даяшылары және өнер әріптестері, яғни екі-үш тілші қыздан басқа орамал тартып отырған ешкімді көрмедік. Марқұм ағамыздың

Егер қаделерді біріктіріп, бір күнді белгілейтін болсақ, былайғы жұрттың уақытын да үнемдер едік. Әрі бұл шаңыраққа да ыңғайлы болар еді» — дейді.

Бас имамның пікірінше, шариғатымыз қадені мейлінше қаралы шаңырақтың өзінде өткізуге маңыз беруді қолдайды. Рас, көп қабатты, тарлау үйде тұратындарға мейрамхана жалдауға болады. Десе де, мұндай жағдайда ысырапшылыққа жол бермейтіндей дастархан жаюды қолға алғанымыз абзал. Облыстың бас имамы Батыржан қажы «Мысалы, ет, бауырсақ, мейіз. Ал балықтың түр-түрі, салат, жеміс-жидек сынды тағам түрлері жаназа дастарханы мәзірінен алынып тасталса. Жалпы халыққа ыңғайлы болатын жаназаның ортақ дастархан мәзірін бекітсек. Жобамен алғанда, мәзірдің үлгісін бауырсақ, сары май, кант, халуа немесе жент, өрік немесе мейіз, конфет, печеньемен тұрады деп алып қарастырсақ, қарапайым дастархан қара жамылып отырған үйді соңғы қаражатына дейін садақаға жұмсауына алып келмесе еді», — дейді.

Садақала марқұмды еске алып отырмыз деген желеумен ән айту, күй ойнату дегеннен шығады, дін

САДАҚА ЕМЕС,



КОНЦЕРТ ДЕРСІЗ...

қызы да елге танымал, қазақтың дәстүрлі өнерін киелі сахнада насихаттап жүрген хас таланттың бірі. Басқасын айтпағанда, сол өпкеміздің өзі шашын әжептәуір сәндеп, бес тонна бояумен залда отырды.

Әуелі ағамыз туралы кітаптың тұсауы кесіліп, еңбек таңдаулы адамдарға таратылғаннан кейін, еске алу фильмі көрсетілді. Жөн делік. Мұның барлығы күнделікті кездесіп жүрген дүние. Бірақ жылдық қадесе ән айтылып, күй тартылуын өз басым бірінші рет көрдім. Соны кәдімгі концертке ұласып бара жатқан сыңайын байқап, шығып кеттім. Тілімді тістедім. Себебі менің ойымды ол кезде ешкім түсінбеген болар еді. «О заман да, бұ заман, қазақ садақала ән айтатын жағдайға да жеткеніміз бе?» деген оймен жүргенімізде арада зуылдап жылдар өте шығыпты.

Осы ойымызды мұғият оқып қойғандай, өткен жылы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының сол кездегі бас мұфтиі Ержан қажы Малғажыұлының бастамасымен «Жаназа және жерлеу рәсімдері» деген кітабы жарыққа шықты. Ғажабы сол, аталған кітапта садақа рәсімдеріндегі ысырапшылықтан бастап, өзгелерге еліктеуден туған даракы әдеттерге дейінгі мәселе орынды көтерілген. Осы кітап жарық көргеннен кейін, тіпті мұғияттың садақадағы дастархан мәзіріне дейін ресми түрде бекітіп қойғаны өтірік емес.

Енді атыраулық имамдар марқұмның үш, жеті және қырық күндік қадесін біріктіріп, бір күнде өткізуді ұсынып отыр. Атырау облысының орталық «Иманғали» мешітінің бас имамы Батыржан Мансуров «Саралап қарасақ, үш күнге бір бөлек, жеті күнге бір бөлек, қырық күнге бір бөлек дастархан жая беру, сайып келгенде, ысырапшылық. Оған қоса, ер қадесе міндетті түрде құрбандыққа мал шалынатыны тағы бар. Әрі осы қаделердің қай-қайсына да шаңырақтың сол баяғы таныс адамдары айналып қатыса береді.

қызметкерлері еліктеушілік, сырттан келген әдет-ғұрыптың соңғы кездері қазақтың тұрмыс-тіршілігіне еніп бара жатқанына да алаңдаулы. Кеңінен тараған бір ғана мысалды алға тартайық. Марқұмды жерлеу рәсімін өткерер алдында дауыс зорайтқышыпен митинг өткізу, осы шара кезінде табыттың алдынан гүл шоғын, оған қоса, марқұмның суретін алып жүру сияқты ұлттымызға,

ділімізге, ділімізге жат әдеттер бар. Бас имам Б.Мансуров «Асылында, мұндай астамшылық әрекеттер марқұмның әруағына да қиындық туғызады. Сондықтан осындай керексіз әдеттен арылып, қарапайымдылыққа жақындай түссек деген ұсынысымыз бар», — деп түйіндеді бізбен әңгімесін. Қалай десек те, астамшылық, өзін білемділікке салынып, Құдайлы ұмыту ешуақытта жақсылыққа апармаған. Бір кездері күллі Мысырды дүрліктірген перғауындар дәуірін, берісі Ленин мен Сталиннің ақырын еске түсірсек те жеткілікті. Тіпті Лениннің өзі соңғы кездері «жер қабылдамаған адам» ретінде атала бастады. Әңгіме ауаның қайтадан әңгімеміздің бастауына бұрсақ, өнер адамдарын арнайы шығармашылық кеш жасап еске алудың айыбы бола қоймас. Қазақ вальсінің королі атанған Шәмші Қалдаяқов ағамызды еске алуға арналған шығармашылық кештер Республика сарайында талай ұйымдастырылып жүр. Бұл дұрыс. Ал қайтыс болған өнер иесіне дұға бағыштауға арналған жылдық дастарханын концертке айналыдыру біздіңше, ақылға қонымды іс емес. Мейлі, сіз бай болыңыз, ақсүйек болыңыз. Марқұмның жылдық дастарханын, тіпті жоғарыда отырғандар үшін жайсаңыз да, шариғаттан аттауға ешкім құқық бермесе керек-ті.

Баия ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау

Алматы облысы,
Талдықорған қаласы

Дереккөзі: inform.kz

Бердібек САПАРБАЕВ,
Ақтөбе облысының әкімі:

«Бізге көптеген ауыл әкімдері мен мектеп директорлары хан болып алған. Ауылды өзінің жекеменшігі, мектепті өзінің меншігі деп біледі. Әрдайым айтамын, бұл әкесінің сатып алған қызметі емес. Қазір ұйықтап отыратын заман емес! Ол дәуір баяғыда өтіп кетті. Қолыңыздан келмей ме? Бірден айтыңыз. Қолыңыздан келмесе, онда «басқа жұмысқа барайын» деп мал бағыңыз»

Нарықтың заңы

(Басы
1-бетте)

Мен өртегі айтамын, олар сүт ішеді. Әсіресе, сиырдың сүт бермеймін деп шөп сұраған жерін балапандардың шынысындағы ақ нәр таусылғанша сыздықтату керек... Балаалы-шағалы үйдің бөріне ортақ жағдай: сүтсіз баланың қарны тоймайды, ұйқысы қанбайды.

Екі күнде 5 литр сүт сатып алу — үйдегі асхана несінің жұмысы. Оның жартысын балаларға айран ұйытып береді. Жартысы — шай-қатық. Ақ уызды ауыл шетінде мал ұстайтын Майра тәте өзі әкеліп жүр. Кеше келмей қалыпты. Шикылдақ темір көлігі бұзылып қалған болар деп көңіл жұбаттық. Балалар жатар уақытта айран ішеміз деп әлекке салды. Дүкендегі «кефирді» әкеліп беріп едім, сүйсініп ішпеді. «Таң атсын, Майра тәтеге қонырау шаламын. Сүт әкеледі. Мен қою айран ұйытып беремін сендерге» деп келіншегім оларды алдап жатыр...

Сүт таңмен келетін. Соған үйреніп алғанбыз. Тәтем қонырау шалдырмай есік қағып тұратын еді. Кеше келмеген соң, бүгін өзіміз хабарластық. Телефонды көтерді, арғы жақта біреуге ұрсып жатыр. Телефон тұтқасынан тындап тұрмыз. «Сүт аз. Жеп-шөп қымбат» дейді. Мәселенің төркінін түсінгендей болдым. Жарты сағаттан соң тозған темір тұлпарын салдыратып өзі келіп тұр.

— Тәте, сиырларыңыз суалып кеткен жок па? — дедім әзілдеп.

— Сиыр суалмайды, өзіміз суалмасак, — деп көлігінің артындағы сүтті жұлып шығарды. Әдеттегідей 5 литріне мың теңге ұстаттым.

— Бөріне сүйкімсіз болатын болдым... Сүт қымбаттады. 1 литрін бұдан былай 250 теңгеден беремін, — деді қолымдағы ақшаны алып жатып. Ләм-мим деген жоқпын. Жетпеген ақшасын тағы қостым.

— Жем-шөптің бағасы көтеріліп кетті. Күн суытқанға олардың да пейілі тарылып жатыр. Шөп сатқыштарды айтамын, — мені түсінбей калмасын дегендей сөзін нақтылап.

— Иә, тәте, жем-шөбі дұрыс болмаса, сиыр сүт бермейді ғой. Мен де ауылдың баласымын. Малдың жайын білемін, — деп сөзін құптағандай сынай таныттым.

— Соны басқалар түсінбейді. Жана бір кісі өзімді ұрсып, ренжісіп қалды. Соған жүйкем жұқарып тұр, — деп машинасына мінді...

ҚЫРҒЫЗДЫҢ АЙРАНЫ АРЗАН

Жұмыска келсем, «сүт қымбаттады» деген акпарат ғаламторды жарып тұр! Тапсырма алдым да базар аралауға шықтым. Қасымда әріптесім бар. Бағытымыз — Көкбазар. Асай-мүсей арқалаған бізді базаршы жұрт жатырқай қарсы алды. Алғашқы екі-үш әйел біздің жүріс-тұрысымыздан қорықты ма, жұмған аузын ашпай қойды. «Сүтті қаншадан сатып жатырсыз?» деп қайыра сұрақ қойып едік, «сатпаймын» деп қолын бір-ақ сілтеді. Неден қорқатынын, неге сонша ашуланатынын түсінбедік...



— Талдықорған, Петропавл, Қырғызстан, Ресей, Беларусьтен келеді. Ресей мен Беларусьтен келген сүт өнімдері қымбат. Қырғыздікі ең арзан. Тіпті біздікінен де арзан.
— Сонда қанша?
— Қырғызстаннан келетін сүттің 3,2 пайыздығы — 200 теңге. 2,5 пайыздық айраны да 200 теңге.

САРЫ МАЙ —
4000 ТЕҢГЕ

Көкбазардың 2-кабатында фирманың емес, қолдан сауып отырған сиырдың сүті, құрт-май, айран-қатық бар екен. Сатушылар сапқа тұрғандай, бір қатарға тізіліп алыпты. Жуып кетсең, бәлеге қалғаның! Басбармақтай құртын сындырып беріп, майынан дәм таттырып, қаймағын жалатып іші-бауырына кіріп кетеді. Жайылып жастық болып жатқан кісіден қалай айналмайсың? Қалтаң тесілгенше саудаласқын-ақ келеді. Бірақ біз басқа максатпен жүрміз.
Гүлжан апамен тілдесіп қалдық. Журналист екенімізді бұл жерде де жасырдық. Түйе сүтінен жасалған қызыл-сары құртқа көзім түсіп, бағасын сұрай қалғаным сол еді, «Ақтаудан келдіңдер ме?» деп жабысты. Бас изедік.


ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ
СҮТ ӨНІМДЕРІ. ҚАҢТАР АЙЫНДАҒЫ БАҒА

	Сүт	Пастерленген сүт, литр	Қаймақ	Айран, литр	Сүзбе	Ірімшік	Сары май	Өсімдік майы
Астана		232	1041	332	1880	2934	2256	1000
Алматы	252	242	1201	309	1789	2624	1837	696
Ақтау			754	303	1734	2355	2958	1028
Ақтөбе	200	220	1083	278	1380	2113	1655	773
Атырау	190		1203	318	1988	2024	2353	1094
Жөзқазған	197	199	1091	274	1632	2390	1783	991
Көкшетау	129	230	789	272	1524	2069	1868	877
Қарағанды	206	211	892	249	1448	2470	1893	912
Қостанай	152	228	867	248	1417	2151	2119	718
Қызылорда	200		1084	249	1595	1956	1739	732
Орал	220	224	971	307	1170	2195	1920	801
Өскемен	211	234	1284	323	1308	2546	2484	1006
Павлодар	125	207	869	249	1152	1964	1683	755
Петропавл	153	190	702	218	1042	2087	1819	716
Семей	195	205	1149	318	1356	1845	1956	844
Талдықорған		167	737	210	1194	2198	1973	973
Тараз	150	180	950	246	1546	1906	1679	672
Шымкент	156	205	970	226	1565	1817	1948	651

Дереккөзі: Ұлттық экономика министрлігі



Өнім түрі/ бағасы/ L	Сүт «Зорькин луг»	«Свежий» сүті	«Адал»	«Мое» сүті
Көкбазар	2,5% — 200 тг	2,5% — 235 тг	2,5% — 280 тг	2,5% — 290 тг
	3,2% — 230 тг	3,2% — 250 тг	3,2% — 330 тг	3,2% — 320 тг
Сауда орталығы	2,5% — 215 тг	2,5% — 237 тг	2,5% — 297 тг	2,5% — 315 тг
	3,2% — 240 тг	3,2% — 265 тг	3,2% — 335 тг	3,2% — 340 тг



ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

Арман ЕВНИЕВ,
ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары:

«Мәселен, сырттан келетін құс еті бірнеше рет мұздатылады. Себебі ішіне су және тағы басқа қоспаларды араластырып жатады. Негізгі мақсат — еттің салмағын арттыру. Сол сияқты сарымайды өндіру саласында алаяқтық көп. Негізі, техникалық стандарт бойынша сарымайдың бір келісін өндіру үшін, кем дегенде, 22 литр сүт керек. Сонда нағыз майдың өз бағасы келісі үшін 2 750 теңгеден кем болмауы қажет. Ал өткен жылдың 11 айында елімізге 1 858 тонна шетелдік сарымай импортталды. Аталған өнімнің бағасы екі есеге арзан болып шықты. Бұл ондай майды өндіру кезінде арзан қоспалар қолданылады деген сөз»

— Сендерде шұбат та, түйенің құрты да арзан шығар. Бізде түйе жоқ, сондықтан қымбат. Мысалы, сіз сұраған құрттың бір келісі — 3000 теңге.

— Сүтіңіз қанша? Сиырдың сүтін айтамын. Қымбаттады деп жатыр ғой.

— Қымбат болуы керек қой. Қашанғы 150-200 теңгеге сатамыз. Қазір бәрі қымбат. Арзан дүние жоқ. Бұрын бізге сүттің бір келісін 200 теңгеден сататын едік. Қазір ол бағаға өзіміз аламыз. Үстіне 100 теңге қосып, 300 теңгеден сатып жатырмыз.



калуға болмайды», — дейді талдырмаш қыз. Қаламқас сүт өнімдерінен басқа ұн, күріш бағасының өзгермегенін айтты. Біз қараторы қыздан барлық сүт өнімдерінің бағасын жазып алдық. Қайтар жолда Алматы жұртына етене таныс әйлік сауда орталығына соқтық. Сонымен, базар мен сауда орталығындағы баға былай болып шықты.

Жарас КЕМЕЛЖАН,
Суреттерді түсірген Салтанат ШЫРЫНХАН

Сөз-Жебе

Гүлнар
БИЖАНОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Еліміз соңғы үш жылда «параллель импортқа» шектеу қойғаннан не ұтты? Айталық, Toyota Motor Corporation компаниясы құқық иеленушінің бірі есебінде Қазақстан аумағында дилер орталығы желісін ашты. Осы дилер орталықтарында қазақстандықтарға қызмет көрсету қымбат. Әрі балама таңдау да жоқ. Тауар белгісінің қожайындары автобөлшектердің құнын еш кедергісіз өсіре алады. Дилер орталықтарындағы және тәуелсіз импортерлер әкелетін бөлшек бағасын салыстырсақ, айырмашылық 200-ден 500 пайызға дейін жетеді»



Ұлт мектебі

«Қазіргі сол жағалауда шок кайындай әр жерде кезінде бір-бір колхоз тұратын, осылардың бастауыш қазақ мектептері болған» деседі... Бұл — арғы жағы ақиқат, бергі жағы аңыз секілді әңгіме. Кейін қара жол төселіп, құбылып сокқан замана желі мен бүрқасыны жермен-жексен еткен Жәмпейістің тамындай (*сондай бір мола қазіргі аэропорт жолы бойында қалқайып тұрады екен*) ол мектептер де солтүстіктегі ауыр ұлт тағдырын басынан кешкен...

Сонымен 1997 жылы 10 желтоқсанда мемлекет стандарттары жана астана болып белгіленген Ақмолаға жеткізілді. Қазақ елі орталығының жана дәуірі басталды.

Кез келген тарихи оқиғаның ресми және бейресми қабылдануы, байыпталуы, зерделенуі болады. Мысалы, гуманитария саласында



жүрген біз үшін Астана рухы Еуразия университетінен, Кенесары ескерткішінен және №38 мектептен басталғандай көрінеді.

Еуразия ұлттық университеті — жана Елорданың интеллектуалдық іргетасын қалау үшін, Есіл бойындағы Кенесары ескерткіші — мемлекеттік арқауды үзбеу үшін, №38 мектеп — келешектің темірқазығын айқындау үшін ашылғандай-тың. Елбасы пәрменімен, елдің қалауымен, тәуелсіздіктің құдіретімен!

Бүгінгі әңгіме сол айтулы мектеп пен оның алғашқы басшысы Жамал Қасымбек ханым туралы болмақ.

Елдің орталығы Алматыдан Ақмолаға көшкен жылдары атқарушы бөліктің қалың сарбаздары мен сардарлары үшін қаланың Қарағанды жолы қапталынан тұрғын үй кешендері салынды. Тіпті ел арасында «жана қала осы шеттен түседі екен» деген де сөз айтылатын. Сірә, бұл алтай текті жапон тамырымыз Кишо Куракава жобасына дейінгі мезеттің монологы ғам диалогы...

Қарағанды тас жолына қарай тартылған даңғыл біздің университет жактан басталатын да, оны бұрын «Студенттер проспектісі» десе, енді ресми «Абылайхан» деп атау пәтуа етілген. Алматылықтардың әп-әдемі, көз тартатын тұрғын үй кешенін біз «қызыл кірпіш кенті» (*кейде «қызыл кенті»*) десек, шүлдірлеген ағайындар «красная деревня» дейтін. Не керек, сол жерден жана мектеп құрылысы аяқталып жатты.

Бұл ақмолалықтарды ойландырып, аса шетін таңдауға тіреп қойды. «Мектеп қай тілде болу керек?..». Сол мандағы мөлтек аудан тұрғындарының пейілі мен целиноградтық әуенте салсақ, қазақ мектебі болмауы тиіс. Ал ел рухы мен тәуелсіздік талабы тұрғысынан келсек, Астана арманы, елорданың аппақ ниеті дәл осы мектептен жол тартқаны мақұл.

Кезінде Шер-аған (*Ш.Мұртаза*) Целиноград атауын өзгерту жолындағы қозғалысты бас газетте «Ақмола үшін айқас» деп айдарлаған еді. №38 мектептің мәртебесі жөніндегі күрес те дәл сондай болып шықты. Бұл жерде Алматы тарихындағы Шона Смаханұлы тәжірибесі де көлде жаралды.

«Қайран, Ақмола-ай, астана көшіп келгенше білім саланды бірде-бір жергілікті ұлт өкілі басқармапты-ау!..». Осындай «әй, қап!..» айтуалы.

Әлі есімізде, Ақмолада екі қандастың басы қосыла қалса, «сонымен, қызыл кенттегі мектеп қай тілде болады?» деп сұрайтын. Ш.Смаханұлы шарасына осы мөлтек ауданда тұратын мұғалім, дәрігер, қызметкер, жұмысшы, зейнеткер — ес білген елдестің бәрі бір кісідей атсалысты. Әсіресе, журналист қауымының белсенділігі айқын байқалды.

Қашан да әділеттің үстем тұратыны секілді, әйтеуір құдайдың құтты бір күні қызыл кенттегі мектептің қазақша болатыны мағлұм етілді. Сол уақытта адам түгіл табиғат-ана да қуанып, бір елжіресін...

Ақмолаға «Астана» аты берілген шамада №38 мектепке Алматыда көп жыл ұстаздық қызмет істеген Жамал Базарқұлқызы Қасымбектің директор болып тағайындалғанын естіді. Газеттен. Әрине, аса жаапты кезеңде жана мектеп басшысына

Ақмоланың Елорда ретіндегі жаңа тарихын байыптауға талап қылғандар осындағы ұлт мектебінің қалыптасуы мен дамуын зерделеуді ұмытпағаны абзал.

Қала тағдыры да адам тағдыры секілді. Ал енді осы адамды немесе өзіңізді білімсіз яки мектепсіз елестете аласыз ба?

Мемлекет астанасы Ақмолаға көшкенге дейін мұнда жалғыз ғана қазақ мектебі болды. Неге? Оның жауабын Алматыдан ауылға дейінгі барша көзі ашық адам біледі.

Жамбыл атындағы №4 мектеп — міне, Ақмолада қазақ тілі мен мәдениетінің, тәрбиесі мен тағылымының тамызығы. Қазақ сүттен айран жасау үшін де тамызық пайдаланады, отты өшіріп алмау үшін де шоқтың қоламтасын тамызық өтеді. Тарихи Жәкемнің мектебі сондай-тың.

АБЫРОЙ БИГІНДЕ

ұйымдастыруға байланысты елеулі тапсырмалар берілді. Өйткені жана Астанада тұңғыш ашылғалы отырған қазақ мектеп-лицейі тұсаукесеріне Елбасының өзі қатысуға ниет білдірді.

Бұл не деген сөз? Бұл — елордадағы қазақ мектебіне мемлекет басшылығы жеті назар салып отыр деген сөз. Сондай-ақ бұл — Астана үшін мектеп жай орта білім ошағы емес, ұлт мүддесі қайнары деген сөз.



Ақмолаға бейімделу үдерісінен өтіп жатқан Жамал Базарқұлқызының жұмысы енді сегіз сағатқа немесе он алты сағатқа емес, тәулікке ұласты. Тіпті тәулік тәулікке созылған кездер де болған деседі.

Ол шақта Ақмола-Астана — алақандай қала: әр жаналық қаланы көктейт өтеді. Жана мектептің су жана директоры Ж.Қасымбек ханым аз мерзімде мынандай жүйелі жұмыстарды атқарды:

1. Әлемдік педагогика мен ұлттық ұлағат негізінде білікті комиссия құрып, кәсіби, іскер, шығармашыл мұғалімдерді тандап, ұстаздар ұжымын жасақтады.

2. Қазақстан орта білім саласының бұрынғы-кейінгі тәжірибесін басшылыққа алып, мектеп-лицейге қажетті оқушыларды жинақтады.

3. Астананың білім саласы сұранымын бағамдап, жұмыс үдерісін қала әкімдігімен үйлесімді деңгейде ұйымдастырды.

4. Жана Елордаға көшіп келген білім және ғылым министрлігіне ізденіс және тәжірибе аланын даярлап берді.

Санаулы ай мен жылда осындай жетістікке жету бір мектеп-лицейге, оның басшысына аз жетістік емес.

1999 жылы 1 қыркүйекте мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен Астана қаласы №38 мектеп-лицейі салтанатты түрде ашылды.

Осы айтулы салтанатта айтылған Елбасы сөзі бүгінде халық арасында афоризмге айналды десе де болғандай. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Бүгін мектеп табалдырығын аттаған оқушы ертен Қазақстанның және Астананың



Жана мектептің директоры Ж.Қасымбек

2000 жылдан бастап №38 мектеп-лицейі Астана қаласы орта білім беретін білім ошақтары арасында көш бастады. Бес-алты жылдың ішінде ұжымның жартысына жуығы Астана қаласы әкімінің арнайы грантын иемденіп, өзін де, шәкірттерін де ынталандырды. «Жыл мұғалімі» атағын жеңіп алып, баспаналы болған ұстаздар да алғаш осы ұжымнан шықты. Елордаға

көшіп келген ағайынның бәрі баласын Ж.Қасымбек ханым басқаратын лицейге орналастыруға талап қылды. Мұның да себебі бар-тын: №38 мектеп-лицейі «Алтын белгі» иегерлері бойынша республика бойынша алдыңғы шептен табылды.

Рас, мына заманда енбек еткен ұжым барлық атак-даңқты қанжығасына байлайды. Бірақ «ұлт мектебі» деген мәртебеге жету ілуде бір ұжымның қолынан келеді.

«XXI ғасырдағы ұлт мектебі» деген ұғымды қалай тәпсірлейік? Біріншіден, ұжым болып мемлекет мүддесін тереңінен түсініп, әлемдік білім беру саласының озық әдістемесін, тәжірибесін барлық оқу мен тәрбие үдерісіне енгізу.

Екіншіден, туған елінде осыған дейін болған тәжірибелерді ұлт дәстүрі мен талғамына сай жетілдіре алу.

Үшіншіден, мұғалім — оқушы — ата-ана — қоғам бірлігін, үйлесімділігін орайлы қалыпта түсіру.

Біз №38 мектеп-лицейден осы ізденісті — «ұлт мектебі» биігін бағындырғанын көрдік.

Жоғарыда мәлім еткеніміздей, Астананың интеллектуалдық деңгейін көтеру үшін ашылған Еуразия ұлттық университеті аталған мектеппен орайлы қарым-қатынас орнатты. Дәлірек айтсақ, бізге алғаш ғылым мен академик ағаларын іздеп келген — Жамал Базарқұлқызының өзі еді. «МГУ жанындағы А.Колмогоров мектебіндей болмасак та, ұлт академиктерінен бата алған оқушыларды тәрбиелейтін орта болайық» деген сөзі есімізде қалыпты. Сонында ынтымақтастық жөніндегі меморандум өз нәтижесін берді де.

Елордада мектеп абыройын көтерген Ж.Қасымбек тұлғасы мен тәжірибесі әріптестеріне қандай өнеге береді — бұған да тоқтала кеткен жөн.

Біріншіден, Жамал ханымның өскен ортасы, әулеті — ұлттық

өнеге-қасиеттің мәйегі болса керек. Бұл ол кісінің әрбір ісінен байқалып тұрады.

Екіншіден, Жамал мұғаліма — әу бастан мамандығын да, оқытын жерін де сәтті таңдаған жан. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы мен жанашыл әдебиеттің дауылпазы С.Сейфуллин біліктіліктің дәнін сепкен Абай атындағы ҚазПИ-де оқуы ол кісінің үлкен олжасы еді.

Үшіншіден, Жамал Базарқұлқызы піспей жатып мектеп директоры бола салғандардың санатынан емес. Алматыда қарапайым пән мұғалімінен аралас мектептің қазақ бөлімі басшысына дейінгі барша тәжірибе сатысынан өткен ұстаз.

Төртіншіден, педагогтік тәжірибеде «жеке үлгі» деген ұғым бірінші орында тұрады. Бір мезгілде сыйлы жар, инабатты келін, мейірімді әже, ақылды ене, адал көрші, әділ әріптес, білікті де қағидашыл маман, байыпты басшы болу оңай емес. Жамал ханым — төрт құбыласы тең адам. Нағыз педагог, кәнігі директор үшін бұл — керемет сапа.

Осыдан екі-үш жыл бұрын бір ұшырасқанымызда, Жамал Базарқұлқызы «қала басшылығы сол жағалаудан мамандандырылған «Дарын» мектебін ашып, соны басқаруға шақырып жатқанын» айтқан-ды.

Бұл — бүгінде аты елеулі №82 мамандандырылған «Дарын» мектеп-лицейі. Аты затына сай білім ошағы. Ж.Қасымбек ханым екі жыл ішінде осы білім ордасын да озықтар сапына қосып үлгерді.

«Дарын» мектеп-лицейіне қабылданып университетке қабылданумен бірдей: қатаң талап, әділ сүзгі, ашық бөсеке.

Біз Астананың жана да жасампаз «Дарынына» сәттілік пен кен өріс тілейміз.

Қазір Елордадағы орта мектеп саны сексенге жетті. Шүкір, соның көбі — қазақ мектебі. Ішінде тарихи №38 мектеп-лицейі де, ендігі тарихы ерекше өрілетін №82 мектеп-лицейі де бар.

Астана мектебінің жана һәм жанашыл рухы бейресми «қызыл кірпіш кентіндегі» немесе ресми Әл-Фараби мөлтек ауданындағы қазақ мектебінен басталған. Оның директоры — Жамал Қасымбек. Біз осыны білеміз. Сіз де сол оқиғаның қадірін бағамдап жүргейсіз.

Халық қалт айтпайды. Қызыл кірпіш — қыз-қыз қайнаған берекелі өмірдің, елорда табалдырығының кірпіші болуы да ғажап емес. Ал ұлт білімі ғимаратының кірпішін қалау — абыройлы іс. Елдің де, ұстаздың да абыройы биіктей бергей!

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
проректоры, академик

БІЛІМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Бір пікір

Бұл өзі көптен көкейде жүрген тақырып еді...

Бағым ба, бақытым ба білмеймін, өз басым 1-сыныптан бастап мектепті бітіргенге дейін тек қана ер мұғалімдердің қолында оқыдым. «Ер мұғалім» деген сөз құлаққа ерсілеу естілетін, сөз құрау жағынан да орашолдақтау дүние. Бірақ басқаша қалай атауға болады?..

Бастауыш сыныпта да, жоғарғы сыныпта да кілең сайдың тасындай жігіттер білім берді. Әліппені де, әдебиетті де жасы бар, жасамысы бар — солардан

тұрады. Аяз ұрса, ауырып қалады. Жел сокса, жөтеліп қалады. Бізге ұқсап қар жеп, мұз шайнамайды. Бірақ салқын суға тамағы ісініп, ауруханадан бір-ақ шығады. Бүгінгі балалар біз сияқты жанбырда батпақ кешіп, арыққа түспейді. Олар жанбырдан да, батпақтан жиіркенеді...

Содан шығар, қазіргі ұл бала жасық. Мінезі жұмсақ. Киген киімі, жүріс-тұрысы да қызға бейім.

Себебін іздеп көрдік. Әркім әртүрлі пікір айтатын шығар. Бірақ осы бір келенсіздіктің төркіні ұстаздарда жатқан сияқты. Қазір мектептен ер мұғалімді емге таппайсыз. Кілен қырдың гүлндей қыз-келіншектер. 2-сыныптағы



ҰЛ ӨСЕР

оқыдық. Математика, физика, химия сияқты пәндерді де солар берді. Әйел ұстаз да болды. Бірақ жігіттердің саны да, сапасы да басым болатын.

Тепсе темір үзетін, сөйлеген сөзі кесек, берген білімі терең, өсек сөзбен ісі жоқ, құнқұл-шүңкілмен шаруасы аз сол ағайлардың тәрбиесі болар, ерте есейдік. Ерте жігіт болдық. Пыш-пыш әңгімеге үйір болған жоқпыз. Ат мініп, педагог болмасын. Алты ай жаз сабақтан кейін қой

ұлым «Әке, еркектер мұғалім болушы ма еді?» дейді менің сөзімді бөліп. Оның түсінігінде, мұғалімдер тек қана әйел болуы керек сияқты. Алай да, былай да айтып көрдім. Әйтсе де, оның көз алдына еңселі ер-жігіттен мұғалім жасай алмадым...

Ұл баланың болмысына жакын мінезді ер мұғалім ғана бере алады. Оны өмірдің өзі көрсетіп отыр... Қыз-келіншек сабақ бермесін, педагог болмасын деген сөз емес, бұл. Бірақ



қайырып, шөп шаптық. Содан болар, аязда тонуды білмедік. Қарш-қарш мұз шайнап, қантарда шана тептік.

Ал қазіргі балалар ше? Олар үйден шықса, атасы-апасы, әке-шешесі болып — бәріміз үкілеп шығарып саламыз. Мектепке көлікпен жеткізіп, аяғын жер бастырмай қайтадан алып қайтамыз. Сұрағанын береміз: ішкені алдында, жемегені артында... Бірақ сонда да олар әлжуаз. Қызға ұқсап қылмып

«Әкеге қарап ұл өсер» дегендей, бала мектепте не көрсе, соған еліктейді. 11 жыл қасы-көзі қиылған қыз мұғалімді, әйел ұстазды көріп өскен ұл — ертең ер мінезді болып ер жетеді леу қисынсыз...

Айтпақшы, ұлттың болашағын ойлаған ел болсақ, педагогикалық кәсіпке ер-азаматтарды тартуды мемлекеттік деңгейде қолға алуымыз керек.

Жарас КЕМЕЛЖАН

ФОТОАЙҒАҚ



Ақшаның жүзін



Өз көзімен

Мені бұл жаңалық қатты қызықтырды. Әрине, қарыз алу үшін емес. Анық-қанығын білу үшін. Өйткені жуырда ғана Парламент Сенатының жалпы отырысында депутат Сергей Ершов еліміздегі азаматтардың онлайн түрде пайыздық мөлшерлемесі өте жоғары несие алып жатқанын айтқан еді. Ол бұл ақшаны беретін компаниялардың жұмысы заңмен реттелмегенін, Бас прокуратурадан аталған мәселеге назар аударуды сұраған болатын.

Ең алдымен өзім тұратын аудандағы ойын-сауық орталығына келдім. Бірден әлгі ақша беретін көк терминалды іздедім. Артық есік жақта топталып тұрған бір топ адамға көзім түсті. Бәрі кезекте тұр. Бір жігіт «темір банктен» ақшасын алып болып, қайтқалы тұр екен. Қолында кесек-кесек көк қағаз. Ақша «құсып» жатқан қондырғыны көзбен шолып шықтым. Төбесіне қанатын жайған кептердің бейнесін салып, жанына «Шұғыл қаржылай көмек» деп көрсетіпті. Гауһардың айтқанындай-ақ, мұнда жігіттер ғана емес, қыздардың да қарасы мол. Жандарына баруға біртүрлі ыңғайсызданады екенсін. Сонда да барып сұрауды жөн көрдім.

— Кешіріңіздер, мына құрылғыдан кредит ала аламын ба?

— Кредит болғанда, құжат жинамайсыз. Тек жеке куәлігіңізді салсаңыз болды.

— Кейін оны қалай және қайдан төлейсіздер?

— Осында келіп төлейсіз.

— Егер төлемей, уақыт өткізіп алғандарға қандай шара қолданылады?

Ар жағында тұрған ақ сары жігіт «Төлемесеніз, мен сияқты 55 мың теңгеге шығынға ұшырайсыз» деді. Енді «бірі сотқа шақырады, телефоныңызға түрлі хат-хабар келіп, тынышыңызды бұзады» деді. Тағы бірі «Қарыз алып,

Кейбір азаматтар тегін ақша тауып алғандай арқа-жарқа. Жаңа ғана ақшадан қысылып, басы салырап келгендердің енесі көтеріліп, жүзі жайнап шыға келеді. «Алмақтың да салмағы бар» екенін бір сәтке болса да ойларынан

Құрбым туған күнін мейрамханада атап өтетін болды. Үнемі жинала кететін сол бес-алты қызбыз. Бәріміз жоғары оқу орнында бір топта оқыған, студенттік қызықты шақтарды бірге өткізген қимас достармыз. WhatsApp желісінен топ ашып, қандай сыйлық алатынымызды алдын ала ақылдастық. Арамыздағы Арай өзінің әлі айлық алмағанын, қаражаты жоқтығын алға тартты. Қарызға бере тұратын бізде де артық ақша жоқ. Өйткені бәріміз айлыққа қарап отырмыз. Ал таныс-біліс мұндайда қарыз беруден қашады. Сөйтіп отырғанда Гүлім «Онлайн несие алсаңшы» деп жөн сілтей қалды. Ал Гауһар қарыз беретін терминалдардың қаптап кеткенін айтты. Автомат-құрылғы сізге ақша шығарып береді екен. Оған жеке куәлігіңді апарсаң, жеткілікті. Адам тарту үшін «Айлыққа дейін» деген жазуды бадырайтып жазып қойыпты. Бұрын-соңды естімеген бізге бұл таңсық көрінді.

«АҚШАМАТ» ПЕН АРБАУ



кашқалы жатырсыз ба?» деп мысқылдап алды. Ал Нұрзат есімді азамат «Мен алдында он күнге 10 мың теңге шығардым. 2500 теңге үстеме ақша төледім. Қазір сіз алатын болсаңыз, ең аз мөлшерін ғана ұсынады. Кейін төлегеніңізге қарай өсіріп отырады. Ақшаны алғаннан соң, белгіленген уақыт бойынша түбіртек шығарып береді. Сонда барлығы көрсетілген. Егер уақытынан кешіктірсеңіз, пайызы күн сайын өседі», — деп қондырғыдан өзіне қажетті ақшаны шығарып алды да, жөніне кете барды.

Тағы біраз уақыт алыстан бақылайын деп шетке барып тұрдым. Адам үзілер емес. Бір байқағаным — бұл банкомат жұрттың жас мөлшері мен өмір сүру деңгейіне қарамай, кімге болса соған беріп жатыр.

шығарып жіберетін сияқты. Қарсы алдымнан шыққан Есенғали Сегізбаев есімді азамат айлығын түспегенін, бірақ несие төлеу уақытының жетіп қалғанын айтты. «Егер несиемді төлемесем, үстеме ақысы тіптен көбейіп кетеді» деп менің ойымды бірден түсінді. «Ал мына терминалдан айлығым түскенше бес күнге ала тұрсам, аз мөлшерде қайтарамын. Бірақ мұнда да уақытынан асып кетсеңіз, үстіне қосатыны қалтаңызды қағып алады. Ең дұрысы, жоламай-ақ қой, қарындасым», — деп сактандырып жатыр. Ары қарай «Арзан» сауда орталығына бет алдым. Сағат кешкі 9-дан асса да, бұл қондырғының жанында да жыпырлаған жастар. Кілең 22 мен 35

жас аралығындағылар. Сыртқы келбетіне қарасам, барлығы дерлік не қара жұмысшылар, не мүлдем жұмыс істегісі келмейтіндерге ұқсайды. Кезек азайсын деген оймен әпкем жазып берген азық-түлікті алу үшін ішке қарай кірдім. Бір сағатқа жуық жүрсем де, шағын несие банкоматының жанынан адам арыла қоймапты. Қуат Рахымжанов деген жігітпен тілдесіп, терминал жайында толық түсіндіріп беруін өтіндім. Оның сайрап тұрғанына қарап, тұрақты несие алушы ма? — деп ойлап қаласыз. «Терминал ақшадан қысылған кезде жеке куәлік арқылы қаражат береді. Ал сіздің атыңыздан өзге адам қаржыға қол жеткізе алмайды. Өйткені онда сізді суретке түсіреді», — деп менің ойымдағы күдікті

сейілткендей болды. «Бұған қоса, қолыңыздың мөрін қалдырасыз. Автоматқа жеке куәлігіңізді салған соң ортақ базадан сіз туралы мәліметті қарайды. Сол арқылы қай мөлшерде қаражат беретінін айқындайды. Егер базадағы «тарихыңыз» жақсы болса, уақытында қарызды жауып отырсаңыз, 50 мың теңгеге дейін береді. Көбіне мұнда жігіттер келеді. Қыздар сирек», — деп сөзін түйіндеді. «Қолыңызда тұрған ақшаны терминалдан алдыңыз ба?» дедім сөзінің соңын ала.

Ал жауаптан жалтарды. «Досым алды» деп, ашық айтуға қысылып тұрғанын байқатты. Ал Мұхтар есімді жігіт бұл жерден гөрі, «ломбардка» барған тиімді екенін айтып қалды. Ол «Дәл қазіргі сәтте әйелімнің алтыны болмай қалды. Әйтпесе, сол жеңілірек. Өйткені үстемесі тұрақты. Толық бір айдың өзінде үстінен болмашы тиын-тебен төлейміз. Мысалы, бір алтын әшекейіңізді 20 000 теңгеге өткізсеңіз, 20 пайыздық үстемемен, 22 мың теңге қайтарасыз. Ал бұл жерде он күннің өзінде екі мың қосып бересіз. Айырмашылығы — жер мен көктей. Айтпақшы, әлгі «темір банктің» ел ішіндегі атауы — «Ақшамат» екен. Жұрттың шығармайтыны жоқ-ау! Сөйтіп, «Ақшаматтың» арқасында құрбымыз Арай да туған күнге қомақты сыйлық алып, көңілі жадырап қалды.



Айгерім ҚҰРМАШ,
жеке сот орындаушының
көмекшісі:

«Қарызды қайтармай жүргендер болса, ең алдымен пайызын шығарып, соттан өндірілсін деген шешім келеді. Жұмысты орындау, ол адамды іздестіру мерзімі – 2 ай. Кейде бой көрсетпей жүргендерді табу тіпті қиын. Өйткені ол жерге ресми табысы жоқ, құнбағыс үшін жұмыс істеп жүргендер барып қарыз ала береді. Тұрақты жұмысы бар адамның жұмыс орнына хат жолдаймыз. Одан ешнәрсе еңбесе, заң арқылы жалақысының жартысынан айырамыз. Ал тұрақты жұмысы жоқ жандар жауапкершіліктен қашады. Оларды әкімшілік жазға тартамыз. Ортақ «базада» қара тізімде тұрады. Қазір карточка қолданбайтын адам кемде-кем. Банктің несиесін, ипотекасын төлейтін болса, соны жабамыз. Ал олар бұғатталса, пайызы шарықтап кетеді. Міне, осылайша олардан жан-жақты талап етіп, ақшаны қайтаруын қадағалаймыз. Өйткені судың да сұрауы бар»

Шағын несие алу жағы онай екенін түсіндік. Қарызын кешіктірмей төлейтін де, уақыт созырып қашып жүретіндері де бар. Мұндай жүйелер арнайы құжат жинатып, толық тексеріс жасамаған соң бір жағынан көңілге күдік ұялатады. Күн сайынғы өсімі тағы бар. «Айлыққа дейін» деген терминал 100 мың теңгеге дейін қарыз береді. Бұл — шектеулі. Ал «шағын несие» деген жүйе кәдімгі банктен алатын қарыз сияқты: ай сайын 10-15 мың теңгеден салып, бір жылда құтыласыз.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Мәселенің мәні

(Басы 1-бетте)



ҚҰДЫҚҚА ҚАРАҒАН КҮН

Су үшін айма-ай жергілікті тұрғындардан ақша жинап алатын кәсіпкерге де хабарластық.

— Ауыл тұрғындары «су сапасыз» — дейді. Қондырғыны қойған кәсіпкер «су ішуге жарамды» деп отыр. Кімге сенеміз? — «Ауыл тұрғындары суды құдықтан жаппай ішіп отыр» дегендері шындыққа жанаспайды. Ол құдыққа құбыр арқылы келетін суды «сап-сары» деп жүргендер баратын болса керек. — Сонда құбыр арқылы келетін су сары ма? — Жок. Кейде біраз уақыт су берілмей қалса, сарғыштау болып ағады. Кейін қайта қалпына келеді. Соны айтып жүрген болар. — Құрамында адам денсаулығына зиянды нәрсе көп деп жатыр... — Ол жағынан хабарым жоқ. Мен өзіміздің құдықты пайдаланамын. — Сонда ол суды сіз де пайдаланбайтын болып тұрсыз ғой. — Өз құдығымыз бар. Құбыр арқылы келетін суға ақша төлеу керек. — Сонда құбыр арқылы тартылған судың 1 текше метрі қаншадан?

немесе КӨПБІРЛІК пен ҚАРАҚҰМ АУЫЗ СУҒА ЗӘРУ



— 500 теңге. — Қымбаттау емес пе? — Қымбат болса да ақтамайды. Жалақымыз бар. 150 үй ары кетсе 1 тонна ғана пайдаланады. Жұмыс істейтін кісілердің жалақысы — 70 мың теңге. Менің жалақым — 20 мың теңге. Жарық үшін төлейміз. 500 теңгеден болған күннің өзінде айына тек 150 мың теңгеге жуық түседі. — Жалпы 3-4 метр қазса, су шыға ма? — Иә. Бірақ ол ашы су. — Құбыр арқылы тартылған су тәтті бола ма? — Иә.

Зәмзәгүл Несіпбаева сөз соңында ауыл тұрғындарына су ақса да, су ақпаса да жақпайсың деп ойын түйіндеді. Жалпы бұл мәселе Қаратал ауданының әкімі Пауан Рақымбековтың ауыл

тұрғындарына берген есебінде де көтерілген. «ҚазАқпарат» жазғандай, аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Тасыбаев судың құрамында хлордың мөлшерден тыс көп екенін растапты. Біз де тұшы суға қатысты тұщымды жауап алу үшін әкімнің орынбасарына бір күн бойы хабарластық. Хатшы қыздан «Жәнібек Шоғалұлы орнында жоқ. Кейінірек хабарласыңыз» — деген жауапты естуден болдық. Содан кейін Үштөбе-Қаратал таза су мекемесінің директоры Амандос Қабаровпен байланысқа шықтық. Ол Көпбірліктің мәселесінен хабардар екенін жеткізді. Алайда Көпбірлік Үштөбе қаласынан 176 шақырым қашықтықта орналасқандықтан, аталған мекеменің ол ауылды ауыз сумен қамтамасыз етуге күші жетпейді екен.



Осы мақаланы жазып жатқанда сол Қаратал ауданында тағы бір ауыл ауыз су зардабын тартатынын естідік. Kaztrk.kz сайты хабарлағандай, судан тарыққан Қарақұм ауылының тұрғындары қыста мұз аркалап, жаздың аптап ыстығында 60 шақырым жерден таза суды тасып ішуге мәжбүр. 100-ге жуық түтіні бар ауыл жарты ғасырдан астам уақыт қыс кезінде Балқаш көліне қатқан мұзды ерітіп ішуде. Басқа амал жоқ. Дегенмен өткен жылы жақсы жаңалықтың нышаны байқалған көрінеді. Елді мекенге құбыр тартылып, іс аяқсыз қалған. Биыл сол олқылықтың орны толтырылмақ. Облыстық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Азамат Бейісбаев 2017 жылы 78 млн бөлініп толығымен игерілгенін айтады. Қалған 25 млн теңгенің тағдыры жуырда өтетін облыстық сессияда шешілетін. Қолдау тапқан жағдайда жұмыс толығымен аяқталады. Қолдау болмаса, қарақұмдықтар құбыр тұрмақ, құдық суына зәру боп қалады. Жалпы Енсеітін ерен кәсібі бүгінде керек-ақ.

Елдос ӨМІРЗАҚ

Аптаның алаңы

2016 жылдан бастап елімізде республикалық және жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйым қызметкеріне жалақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілді. Жаңа жүйеге көшу арқылы дәрігердің жалақысын 28%-ға, білім және ғылым қызметкерінің жалақысын 29%-ға дейін көтеру жоспарланған. Дегенмен 2016 жылы білім қызметкерінің айлығы алдыңғы жылмен салыстырғанда 6,4%-ға, ас әлеуметтік қызметкер мен дәрігердікі бар-жоғы 0,7%-ға көтерілген.



2017 жылы мұғалімнің нақты орташа жалақысы 4,4%-ға, ал әлеуметтік қызметкер мен дәрігердің жалақысы 4,3% -ға азайған. Яғни іс жүзінде білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік салалардағы қызметкердің жалақысы көбейді орнына азайып отыр.

Мұндай жалақымен олар мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына да қатыса алмайды. Жалақының осыншалық аз болуының бір себебі - лауазымдық жалақыны есептеу кезінде қолданылатын базалық лауазымдық жалақы деңгейінің

«Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында санитар қолына 30 924 теңге, тәрбиешінің көмекшісі 28 247 теңге, ас үй жұмысшысы 27 390 теңге алады. Өзге өңірлерде де жағдай мәз емес. Әлеуметтік қызметкерге 26 мыңнан 40 мың теңгеге дейін төленеді.

Коммуналдық төлемдердің өзі орта есеппен 15-20 мың теңге болып жатқанда, мұндай жалақыға қалай өмір сүруге болады? Оған қоса, азық-түлік сатып алу қажет, жолақы бар, баланы балабақшаға беру керек. Қызметкерлердің көбінде баспана жоқ, аядай бөлмені жалдап күн кешеді.

төмендігі. 2011 жылы 17 697 теңге көлеміндегі базалық лауазымдық жалақы бекітілген. Бұл ең төменгі күнкөріс деңгейінен 40%-дай аз және ол 7 жыл бойы өзгермеген.

Осыған байланысты базалық лауазымдық жалақыны заңмен бекітілген айлық жалақының ең төменгі көлемімен алмастыруды ұсынамын.



Гүлжан ҚАРАҒҰСОВА,
Мәжіліс депутаты
(депутаттық сауалынан)



АЙНА

E-mail: jas_qazaq@mail.ru
www.jasqazaq.kz



ҚЫСЫМ
МӘТІН

– Алло, сәлеметсіз бе!
– Иә, сәлеметсіз бе!
– Бұл Оңтүстік Қазақстан облыстық №1 Перинаталды орталық па?
– Иә, құлағым сізде?
– Мен сізге «Жас қазақ» газетінен хабарласып тұрмын. Бізге бір оқырман сіздердің орталықтағы перзентхана есігінде жазылған қателік туралы айтып, суретін жіберген еді.
– Ол қандай қателік екен?
– Нәресте шығару деген сөзде «Нәресте шығару» деп жазылыпты.
– Бір өріп ғана ғой, кешіріңіздерші! Енді қайталанбайды. Тез арада түзетеміз!
– Жарайды, түзеттіңіздер дейік. Бірақ, нәресте шығару деген сөздің өзі құлаққа ауыр естіледі екен. Қазақ сөзінің мағынасы бойынша, «шығару» деген сөз – жаназа шығару, үкім шығару сияқты қайғылы мағына береді.
– Бұл тікелей аударма. Ол жағын ойластырмалпыз.
– Кешіріңіз, аты-жөніңіз кім?
– ?..

БАҒЫН
БАҒЫН
БАҒЫН

Жаны тәтті жалқау жұмыстан жалтарды. Еріншек пошташы тиісті мекен-жайға жеткізілуі керек жарты тонна хатты үйінде жасырып келген.



Иесін таппаған жарты тонна хат немесе еріншек пошташы

Бұл жағдай Италияның Виченца қаласында болады. Қалалық полиция 573 келі хат тауып, пошташының ісін әшкерелепті. Бұл жайында алғаш болып қоршаған ортаны қорғау орталығының еріктілері дабыл қалқан. Олар коқыс қағазы ретінде келген Италия поштасының мөрі басылған, тіпті ашылмаған 25 сары қорапты көреді. Қораптың ішінен 56 жастағы пошташы 8 жыл бой жібермеген хаттар табылыпты. Хаттың арасында банк хабарламасы, жарнамалық өнім, анықтама, шот, сондай-ақ коммерциялық хат-хабар болған. Бірақ арасынан жеке хат табылмапты. Полиция бөлімшесі қанша жыл өтсе де, барлық хатты тиісті мекен-жайға жеткізіп беретінін айтты.

Суреттерді түсірген
Ғалия ҚАЛИЕВА



Футбол жанкүйері төрт жыл тағатсыздана күткен өлем чемпионаты биыл 14 маусымда басталады. Ашылу салтанаты Мәскеудің «Лужники» стадионында өтетін дүбірлі дода Ресейдің 11 қаласында жалғасын табады. Ал оған дейін чемпионаттың бас жүлдесі ел аралауға шықты. Өткен жексенбіде Өлем кубогы Алматыға келіп жетті. Оңтүстік астананың халықаралық өуежайында Кубокты бірталай қауым салтанатпен қарсы алды. FIFA өкілдерімен бірге келген өлем және Еуропа чемпионы, XX ғасырдың ұздік футболшысы атанған Кристиан Карамбе бас жүлденің 9 елді аралап, Алматыдан кейін Бішкекке қарай жол тартатынын жеткізді. Айта кету керек, Coca Cola компаниясы қала тұрғындарының Кубокпен қауышуын осымен екінші рет ұйымдастырып отыр. Өлем кубогы алғаш рет Алматыға 2010 жылы әкелінді.

МУНААЙ АА
БОЛАДЫ

Ұзын жолақты Limousine таксидің релін атқарып жүр. Алматыдан Талғарға қатынайтын бұл көлік жолаушылардың қызығушылығын оятып, кеңілдерін қуанышқа бөледі. Өйткені бұған дейін есік пен төрдей ұзын әппақ темір тұлпар тек той-томалақтың гүлі болатын.



Бұрын - таңсық, қазір - TAXI

Жүргізуші Жасұланнның айтуынша, автокөлік оның досына тиесілі екен. Екі жыл бойы үйінде тұрған. Ешкім мінбепті. Сол қаңтарулы тұрған акбоз атты тақымына басып, ақша тапқысы келген Жасұлан Алматы мен Талғар арасына күніне төрт рет қатынайды екен. Жолаушыға «Былғарыдан тігілген салон, Қытайда жасалған «мафон». Көлік – зың-зың, шофер бойдақ» – деп қалжың айтады. «Клиент» шақырудың амалы болса керек. Limousine-таксидің құны

да қымбат емес. Небәрі – 200 теңге. Алматы телеарнасына берген сұхбатында Жасұлан Әбжатов «Жолаушыларды бақылап отырудың өзі қызық. Көбі салонда суретке түсіп, желіге жүктейді. Кейде ғаламтордағы қосымшаларды пайдаланып, қала ішінде такси қызметін атқарамыз. Бір күні тапсырыс берушінің үйіне бардым. Бір әйел шығып, ақ көлікті сұрады. Limousine көрсетіп едім, таң-тамаша болды. Мінуге жүрексініп тұр» – деп күледі.

БҒАҒЫН
БҒАҒЫН

Балғын бағындырған биік



Қазақстан рекорды жас толқынмен жаңарды. Небәрі 8 жасар ақтөбелік оқушы Мұса Төркімбаев өз қатарластарынан оза шапты. 42 рет турникке тартылып, жаңа рекорд орнатты.



Ол бұл спортпен 3 жасынан бастап айналысқан. Мұса бұған дейін де 55 рет турникке тартылып, 1600 рет кеудені жерден көтеріп елді аузына қаратқан еді. Ендігі арманы, әлем жұртшылығы алдында бағын сынап, өзінің мықтылығын дәлелдеу. Мұсаның әкесі Асхат Төркімбаев баласынан көп үміт күтетінін жеткізді. Ол өз сөзінде «Мұса 2017 жылдың желтоқсан айында Қазақстан рекордын орнатты. Бұл бейнеролик үйіміздің ішінде түсірілді. Ол 42 рет турникке тартылды. Арала бір ай өткенде сол рекордтық көрсеткіштің сертификаты колымызға келеді. Қазір ол жан-жақты дайындалып жүр», – дейді.

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН –
арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС –
жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА –
терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ –
web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2103;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы – 44 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.